



БҰЙРЫҚ

Айгуль Кенизбаевна Асылбекова

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 337

город Караганда

«ҒӨК Инновация» ЖШС уақытша басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «ҒӨК Инновация» ЖШС банкроттық рәсімді қолдану бойынша істі қозғау туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 18 тамыздағы ұйғарымы және Бұқар Жырау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2023 жылғы 11 тамыздағы хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ҒӨК Инновация» ЖШС, БСН 160240006512 уақытша басқарушысы болып Айгуль Кенизбаевна Асылбекова тағайындалсын.

2. Айгуль Кенизбаевна Асылбековаға «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Айгуль Кенизбаевна Асылбекова «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешекпен жұмыс басқармасы басшысына Данияр Берикович Мусинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшының орынбасары

К. Ахметбеков

К. Ахметбеков